1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Ескертпе

Атаулы жабдықты пайдалану осы туралы білімі мен қажетті жұмыс тәжірибесін иеленген персоналмен жүргізіледі. Физикалық, ақыл-ой мүмкіндіктерімен шектелген, көру және есту қабілеттерімен шектелген тұлғалар атаулы жабдықты пайдалануға жол берілмейді. Атаулы жабдыққа балалардың қолжетімділігіне тиісін салынады..



1.1 Құжат туралы жалпы мәліметтер

Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық, әрі қарай мәтін бойынша – Нұсқаулық, құрастыру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы тиіс қағидаттық нұсқауларды қамтиды. Сондықтан құрастыру және іске қосу алдында оларды персонал немесе тұтынушы міндетті түрде зерделеуі тиіс. Нұсқаулық ұдайы жабдықтың пайдаланатын жерінде тұруы қажет.

Тек «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні

Указания, помещенные непосредственно на оборудовании, например:

Жабдыққа тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін нұсқар,
- айдап қотару ортасын беруге арналған тегеурінді келте құбыр таңбасы,

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;

- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек. Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек. Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Сақтау және тасымалдау барысындағы температура: -20 °C-ден +60 °C дейін.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе

Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе

Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсу себебі және адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарларына ие болуы мүмкін.




Ескертпе

Осы ережелер жарылыстан сақтандырылған жабдықтармен жұмыс атқару кезінде сақталуы тиіс. Сонымен қатар осы ережелердің стандартты орындалым жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде де сақтау ұсынылады.

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.



Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.



4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Берілген құжат Control WW сериясының барлық басқару шкафына таралады (мәтін бойынша әрі қарай-СБШ), канализациялы сорғылы станциялармен басқаруға арналған.

7. Қолданылу қағидаты

Control WW басқару шкафы екі режимдерде жұмыс істей алады: колмен басқару және автоматты.

Автоматты режимде сорғыны іске қосу және тоқтату сұйыққоймада орналасқан қалқымалы ажыратқыштардан келетін сигналдар негізінде қабылдау сұйыққоймасындағы сұйықтық деңгейінің тербелісіне байланысты жүзеге асырылады.

8. Құрастыру



Ескертпе
Құрастыру және пайдалану жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес болу керек.

Құрастыру бойынша жұмысты бастар алдында мыналарға көз жеткізу керек:

- Control WW техникалық сипаттамалары жабдыққа сай келеді;
- барлық көрінетін бөлшектерде зақымдары жок.

Control WW басқару шкафы қалқымалы ажыратқыштар және сорғыларды қосуға дайындаушы зауыттан толығымен дайын күйінде жеткізіледі.

Жабдыққа және оның буындарына еркін қолжетімділігі болуы үшін жеткілікті орынды қарастыру керек.



Ескертпе
Жарылысқа қауіпті аймақтарда құрастыруға рұқсат етілген қалқымалы ажыратқыштарды қосу EEx блогы арқылы орындалуы керек.

EEx блоктарының өздері жарылысқа қауіпті аймақтардан тыс орналасуы керек. Жарылысқа қауіпті аймақтарда пайдаланылатын жабдықтар әрбір құрастыру орны үшін жеке жағдайда жеке рұқсаты болуы керек. Жарылысқа қауіпті аймақтарға сай келетін кабельдер жергілікті жазбаларға сәйкес төселуі керек.

Төмен кернеу мен токқа (40 В / 100 мА) есептелген алтынды түйісулері бар қалқымалы ажыратқыштар қолданылуы керек. Жарылысқа қауіпті аймақтарда пайдалануға рұқсат етілген кез-келген қалқымалы ажыратқыштар қолданыла алады.

Нұсқау

9. Электр жабдықты қосу

Қондырғының электр жабдықтарын құрастыру жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес білікті уәкілетті персоналмен орындалуы керек.

Басқару шкафының фирмалық тақташасында көрсетілген электр жабдықтарының парметрлері электр қорегінің желісіндегі бар болатын параметрлерге сәйкес келетіндігін қадағалау керек.

Сымның көлденең қиылысы электрлі қағидатты сызбада көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізу керек.

Іске қосу бұйыммен бірге жүретін электрлі қағидатты сызбаға сай болу керек.

9.1 Қалқымалы ажыратқыштар

Қалқымалы ажыратқыштар солдан оңға қарай, ең төменгі деңгейдегі ажыратқыш DI1 кіруіне (X9 клеммнигінің 1 және 2 клеммалары), деңгей биіктігі бойымен келесідегі ажыратқыш – DI2 (X9 клеммнигінің 3 және 4 клеммалары) және т.б. қосылатындай етіп жалғануы керек.

Қалқымалы ажыратқыштар күшейтілген оқшаулауға ие болуы керек.

9.2 Электрлі қосылым сызбасы

Қосылым сызбасы ортақ сызбада, әр басқару шкафымен бірге жүреді және ол Control WW басқару шкафының жеткізілім жиынтығына кіреді.

Күш бөлігі. DOL сорғысын іске қосу (үш сорғы үшін)

Қосу	Негізгі енгізілім					Қосалқы енгізілім *					1-сорғы қорегі				2-сорғы қорегі				3-сорғы қорегі			
Өткізгіш/ I_n	$I_n \dots A$					$I_n \dots A$					$I_n \dots A$ $4 \times \dots \text{мм}^2$				$I_n \dots A$ $4 \times \dots \text{мм}^2$				$I_n \dots A$ $4 \times \dots \text{мм}^2$			
Клеммник/қондырғы	Q01		X01:			Q02		X02:			X1:				X2:				X3:			
Клемма нөмірі/түйісу	L1	L2	L3	N**	PE	L1	L2	L3	N**	PE	U	V	W	PE	U	V	W	PE	U	V	W	PE

* – АВР бар кездегі резервті енгізілім,

** – сұраныс бойынша бейтараптың болмауы мүмкін (үлкен қуаттылық немесе қашықтық кезінде, қосымша сымды пайдалану тиімсіз болған кезде).

Қуатты бөлігі. SD сорғыларын іске қосу (екі сорғы үшін)


Қосу	Негізгі енгізілім					Қосалқы енгізілім*					1-сорғы қорегі				2-сорғы қорегі			
Өткізгіш/ I_n	$I_n \dots A$					$I_n \dots A$					$I_n \dots A$ $2 \times 4 \times \dots \text{мм}^2$				$I_n \dots A$ $2 \times 4 \times \dots \text{мм}^2$			
Клеммник/қондырғы	Q01		X01:			Q02		X02:			X1:				X2:			
Клемма нөмірі/түйісу	L1	L2	L3	N**	PE	L1	L2	L3	N**	PE	U1	V1	W1	PE	U2	V2	W2	PE

* – АВР бар кездегі резервті енгізілім,


** – сұраныс бойынша бейтараптың болмауы мүмкін (үлкен қуаттылық немесе қашықтық кезінде, қосымша сымды пайдалану тиімсіз болған кезде).

Сандық кірулер/шығулар


Қалқымалы ажыратқыштарды қосу



Қозғалтқыштың кіріктірілген қорғанышын қосу
(температуралық реле, ылғалдылық релесі)



Күйдің әлеуетсіз түйісулері



10. Пайдалануға беру

10.1 Пайдалануға бастапқы енгізер алдында орындалатын шаралар

Control WW сорғыларымен басқару шкафтарының пайдаланатын орында мықты орнатылғандығына сонымен қатар сорғылармен байланысты барлық құрастыру жұмыстары жүргізетіндігін қарастырады (бұйыммен бірге жеткізілетін сызбаға сәйкес тегеурінді құбыржетегі жалғанған, электрқозғалтқыштарының кабельдері, датчиктер және қалқымалы ажыртқыштар Control WW басқару шкафына кіргізілген).

Жабдықты пайдалануға енгізер алдында барлық электрлік жалғанымды соның ішінде сыртқы басқару релесіне тартпаларды жүргізу, буындар, аппараттар электр тізбектерінің оқшауларының тұтастығын тексеру қажет.

10.1.1 Кері айналдыру сорғыларын және көріздік араластырғыштарды пайдалануға енгізу

Нақты ақпаратты тиісті сорғының Төлқұжатынан, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығынан қар.

10.1.2 Бастапқы пайдалануға енгізу

Қоректі қосар алдында «P-0-A» қондырғысының жұмыс режимдерінің үш позициялы ауыстырып-қосқышы «0» күйінде тұруы тиіс, ал әр сорғының «Іске қосу-Тоқтау» екі позициялы ауыстырып-қосқыштары «Тоқтау» күйінде болуы тиіс.

Қоректі бергеннен кейін, басты ажыратқышты (немесе ажыратқыштарды, егер Control WW ABP жүйесі бар болса) «ON» күйіне ауыстыру керек.

Содан кейін үш позициялы «P-0-A» ауыстырып-қосқышын «P» күйіне ауыстыра отырып және сорғылардың «Іске қосу-Тоқтау» екі позициялы ауыстырып-қосқыштарын «Тоқтау» күйіне ауыстыру жолымен қолмен басқару режимімен сорғыларды іске қосып жүйенің жұмысқабілеттілігін тексерген жөн.

Барлығы дұрыс екендігіне көз жеткізгеннен кейін, «P-0-A» үш позициялы ауыстырып-қосқышты «А» күйіне орнатып сорғылармен басқару шкафын (СБШ) автоматты режимге ауыстырыңыз.

11. Пайдалану

Пайдаланудың шарттары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

11.1 Жұмыс сипаты

Control WW басқару шкафы қалқымалы ажыратқыштар көмегімен 1-3 сорғылардан тұратын көріздік сорғы станцияралын басқаруға арналған.

«P» қолмен басқару режимі

Сорғылармен басқару шкафы (СБШ) сорғыларды қолмен басқару режимінде іске қосуға мүмкіндік береді (бақылаушыны айнала өтіп). Бұл режимді құрылғыны пайдалануға енгізер кезінде немесе авариялық ретінде қолдануға болады (бақылаушы істен шыққан жағдайда). Сорғыларды қолмен басқару режимінде іске қосу үшін, қондырғының жұмыс режимдерінің «P-0-A» ауыстырып-қосқышын «P» – қолмен басқару күйіне ауыстыру керек. Содан кейін қажетті сорғының «Іске қосу-Тоқтату» екі позициялы ауыстырып-қосқышы «Іске қосу» күйіне ауысады. Бұл кезде тиісті сорғы іске қосылады және жасыл түсті «Сорғы жұмысы» индикация шамы жанады. Шкафтың енгізілімінде қорек кернеуі бар кезде жасыл түсті «ЖЕЛІ» индикация шамы үнемі жанып тұрады.

Сорғы іске қосылмайды (немесе қосылғаннан кейін тоқтайды) егер:

- 1) қозғалтқыш артық жүктелімінің орны болса (қозғалтқышқа кіріктірілген термоажыратқыштан немесе СБШ ішіндегі артық жүктелімнен қорғау құрылғысынан берілетін сигнал). Мұнда сорғы жұмыс істемейді, «Сорғы жұмысы» жасыл түсті индикация лампасы жанбайды;

Назар аударыңыз

«Сорғы авариясы» қызыл түсті индикация лампасы сорғының авариясы барысында ғана автоматты режимде жанады.

- 2) қорек желісі ақаулы болса (фазаның қате кезектесуі, фаза болмауы, фазалар ауытқуы, қоректеуші электр желісінің көтеріңкі немесе төмендетілген кернеуі). Мұнда «Желі» жасыл түсті индикациясының лампасы жанбайды. Сорғы іске қосылмайды (немесе іске қосылғаннан кейін тоқтайды).

«Барлығы ажыратулы» «0» режимі

Егер жұмыс режимдерінің ауыстырып-қосқыштары «0» күйінде тұратын болса, сорғыларды іске қосу мүмкін емес. Бұл кезде, егер қондырғыда кернеу болып және қоректеуші желі дұрыс болса, жасыл түсті «ЖЕЛІ» индикация шамы жанып тұрады.

«А» автоматты режимі

Пайдалануға енгізу жұмыстарынан кейін, сорғылармен басқару шкафы (СБШ) жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты «А»-автоматты күйіне орнатып автоматты режимге ауысады. Жұмыстың бұл режимі бақылаушы арқылы жүзеге асырылады. Сорғылардың автоматты режимдегі жұмысы қалқымалар бойынша жүзеге асырылады.

11.1.1 Екі сорғымен басқару шкафы

- 1) Бірінші (төменгі) қалқыманы тұйықтау кезінде ештеңе болмайды. Бірінші (төменгі) қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – жұмыс істеп тұрған сорғы ағытылады – сыйымды ыдыс бос.
- 2) Екінші қалқыманы тұйықтау кезінде бірінше сорғы қосылады. Екінші қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – екінші жұмыс сорғысы ағытылады.
- 3) Үшінші қалқыманы тұйықтау кезінде екінші сорғы қосылады. Үшінші қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – ештеңе болмайды.
- 4) Төртінші (жоғарғы) қалқыманың тұйықталуы авария болып саналады (сыйымды ыдыс толып кетті). Бұндай жағдайда екі сорғыда жұмыс істейді. Бұл авария «Жалпы авария» сигналын құрайды (15. *Ақауларды табу және жою* тарауын қар.). Төртінші (жоғарғы) қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – авария автоматты түрде қайтарылады.

Бірінші үш жағдайда тиісті деңгейдің «1 деңгей», «2 деңгей», «3 деңгей» сары түсті индикация шамы жанады. Төртіншіде – «4 деңгей» қызыл түсті индикация шамы жанады.

Сорғыны қосқан кезде, индикацияның тиісті «Сорғының жұмыс істеуі» жасыл түсті шамы жанады.

Егер қоректеуші желісі дұрыс болса, индикацияның «ЖЕЛІ» жасыл түсті шамы жанады.

11.1.2 Үш сорғымен басқару шкафы

- 1) Бірінші (төменгі) қалқыманы тұйықтау кезінде ештеңе болмайды. Бірінші (төменгі) қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде - жұмыс істеп тұрған сорғы ағытылады - сыйымды ыдыс бос.
- 2) Екінші қалқыманы тұйықтау кезінде бірінше сорғы қосылады. Екінші қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – екінші жұмыс сорғысы ағытылады.
- 3) Үшінші қалқыманы тұйықтау кезінде екінші сорғы қосылады. Үшінші қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – үшінші жұмыс істеп тұрған сорғы ағытылады.
- 4) Төртінші қалқыманы тұйықтау кезінде үшінші сорғы қосылады. Төртінші сорғының тұйықталуын ажыратқан кезде – ештеңе болмайды.
- 5) Бесінші (жоғарғы) қалқыманың тұйықталуы авария болып саналады (сыйымды ыдыс толып кетті). Бұндай жағдайда барлық үш сорғыда жұмыс істейді. Бұл авария «Жалпы авария» сигналын құрайды (15. Ақауларды табу және жою тарауын қар.). Бесінші (жоғарғы) қалқыманың тұйықталуын ажыратқан кезде – авария автоматты түрде қайтарылады.

Бірінші төрт жағдайда тиісті деңгейдің «1 деңгей», «2 деңгей», «3 деңгей», «4 деңгей» сары түсті индикация шамы жанады. Бесіншіде – «5 деңгей» қызыл түсті индикация шамы жанады.

Сорғыны қосқан кезде индикацияның тиісті «Сорғының жұмыс істеуі» жасыл түсті шамы жанады.

Егер қоректеуіш желісі дұрыс болса, индикацияның «ЖЕЛІ» жасыл түсті шамы жанады.

Автоматты режимнің қосымша функциялары

- 1) Сорғылардың кезектесуі.
- 2) 24 сағаттан артық тұрып қалуы кезінде, сорғыларды 5 секундқа сынамамы іске қосу.
- 3) Сорғылардың қосылуын/ажыратылуын кідірту – 3 секундқа.
- 4) Аварияларды табу және тиісті сигналдарды құрау.

12. Техникалық қызмет көрсету

Ескертпе

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарына кіріспес бұрын, міндетті түрде қорек кернеуін толық ажырату керек және құрылғыны қайталап қосылудан блоктап қою керек.

Сорғымен басқару шкафы желіден басты ажыратқышпан ағытылған болса да, енгізу клеммаларында кернеу болады.



Басқару шкафының сенімді және авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, Grundfos компаниясы электр жалғауларының және сыртқы басқарушы релелердің барлық қысқыштарын жиі қатайтып тартып отыруды ұсынады. Тексерулердің кезеңділігі пайдалану жағдайына және қоршаған ортаға байланысты пайдаланушы ұйыммен анықталуы тиіс.

Control WW сорғыларымен басқару шкафы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді. Алайда, құрылғының күйін жиі тексеріп тұру оның қызмет мерзімін мейлінше ұзартады. GRUNDFOS компаниясы Cizre GRUNDFOS сервистік орталығымен техникалық қызмет көрсетуге тиісті келісімшарт жасауды ұсынады.

13. Істен шығару

Жүйені пайдаланудан шығару үшін негізгі ажыратқышты «О»-өшірілген орнына ауыстыру керек.



Ескертпе

Басты ажыратқыштың алдындағы өткізгіштерде әліде кернеу бар. Электр қозғалтқыштың кездейсоқ қосылуын болдырмас үшін, таратушы қораптың қақпағын жауып қойған жөн.

14. Техникалық сипаттамалар

Теңіз деңгейіндегі биіктік

Мейлінше жоғары 2000 м.

Қоршаған ортаның температурасы

Жұмыс уақытында: 0 °C-дан +40 °C-қа дейін – УХЛ4

(тікелей күн сәулесінің түсуіне жоламау);

-30 °C-тан +40 °C дейін УХЛ1.

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы

5-тен 80 % дейін.

Қорғаныш дәрежесі

УХЛ4 – IP54;

УХЛ1 – IP55.

Сандық шығулар (релелік шығулар)

Жүктеменің мейлінше жоғары түйісулері 240 В өзгермелі тогы, 2 А. Нақты техникалық деректер электрлі қағидадаты сызбада көрсетілген.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

Автоматты режимде келесі авария туралы сигналдар құрылады.

Жалпы авария сигналы келесі ақаулықтардың біреуін тапқан кезде құрылады:

- желі авариясы (кернеуі бар кезде);
- кез-келген сорғының авариясы;
- қалқымалы ажыратқыштың ақаулығы;
- сұйық қойманың асып төгілуі.

Жалпы аварияны құру кезінде индикацияның «Жалпы авария» қызыл түсті шамы жанады және дыбыс сигналы беріледі. Потенциалсыз түйісу (Х11 клеммалы негіз электр қосылуының схемасындағы 1 және 2 түйісулер) тұйықталады.

Желі авариясы қоректегіш желінің ақаулы кезінде болуы мүмкін:

- фазалардың дұрыс кезектелмеуі;
- фазалардың ауытқуы;
- электр желісі қорек кернеуінің жоғарылауы немесе төмендеуі;
- фазалардың жоғалып кетуі.

Бұндай кезде индикацияның «ЖЕЛІ» жасыл түсті шамы жанбайды. Қорек бар кезінде «Жалпы авария» орын алады, жоқ кезінде – индикация және дыбыс сигналы болмайды. Потенциалсыз түйісу (шкафтың электр қосу схемасын қар.) тұйықталады, сорғылар ажыратылады.

Қоректі қалпына келтірген кезде, сорғылар автоматты түрде қосылады, «Жалпы авария» қолмен қайтарылады.

Сорғының авариясы болмайды, егер:

- сорғының қозғалтқышының ішінде жылу қорғанышы іске қосылса;
- сорғылармен басқару шкафы (СБШ) ішінде шамадан артық жүктелімнен қорғаныш іске қосылса.

Бұндай кезде индикацияның «Сорғының авариясы» қызыл түсті шамы жанады, сорғы ажыратылады. «Жалпы авария» сигналы құрылады.

Аталған қателік панелдегі «Қайтару» түймесін басып қолмен қайтарылады.

Бірінші қозғалтқыштың ақауының себептерін анықтау және тек оларды жойғаннан кейін, оны қайталап іске қосу ұсынылады.

Назар аударыңыз

Қалқымалы ажыратқыштың ақаулығы

Сұйық қойма толған кезде қалқымалы ажыратқыштар кезектілікпен іске қосылады, демек, егер қалқымалы ажыратқыш іске қосылып оның алдындағы тұйықталмаса – оның ақаулығы туралы сигнал құрылады.

Бұл кезде «Жалпы авария» сигналы құрылады. Сорғылар алгоритмге сәйкес жұмыс істейді.

Аталған қателік панелдегі «Қайтару» түймесін басып қолмен қайтарылады.

Сұйық қойманың толып кетуі жоғарғы қалқымалы ажыратқыштың тұйықталуы кезінде орын алады. Бұл кезде «Жалпы авария» сигналы құрылады, ол жоғарғы қалқымалы ажыратқыштың тұйықталуының ажыратылуы кезінде автоматты түрде қайтарылады. Потенциалсыз түйісу (шкафтың электр қосылулары схемасын қар.) тұйықталады.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,

Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақташасында көрсетілген.

Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,

Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Казахстан ЖШС

Казахстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,

Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

** импорттық жабдыққа қатысты көрсетілді.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖАҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,

Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

**RU**

Низковольтные комплектные устройства – шкафы управления насосами серии Control WW, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ TC RU C-RU.AI30.B.01231, срок действия до 23.12.2019 г.

Низковольтные комплектные устройства – шкафы управления насосами серии Control WW изготовлены в соответствии с ТУ 3432-021-59379130-2014.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11AI30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул.Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 24 декабря 2014 г.

KZ

Төменвольтты жиынтықты құрылғылар – Ресейде өндірілген, Control WW сериялы сорғылармен басқару шкафтары, Кедендік одақтың «Төменвольтты құрылғының қауіпсіздігі» техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне сәттификацияланған (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электромагнитті үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011).

Сәйкестік сертификаты:

№ TC RU C-RU.AI30.B.01231, қолдану мерзімі 23.12.2019 ж. дейін.

Төменвольтты жиынтықты құрылғылар – Control WW сериялы сорғылармен басқару шкафтары ТШ 3432-021-59379130-2014 сәйкес дайындалған. «Ивановский Фонд Сертификации» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімдерді сәттификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11AI30, Аккредитациялау бойынша Федералды қызметпен 20.06.2014 жылы берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иванов қ., Станкостроителей көш., 1 үй; тел: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казахстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Кыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

96696748	0715
ECM: 1159996	